

ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті

№7 (28) шілде 2019 жыл

Газет 2016 жылғы 14 қазаннан бастап шыға бастады

ТҮРКІСТАНДЫ ТҮЛЕТКЕН ЕЛБАСЫ



Қазақстан территориясында ежелгі темір ғасырынан бастап Сақ, Сармат, Үйсін, Қаңлы, Ақ Ғұндар, Түркі, Қарлұқ, Оғыз, Қидан, Қарахан, Қыпшақ, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Көшпелі Өзбек және Қазақ хандығы сияқты көптеген мемлекеттер қалыптасып, өмір сүрген және ыдырап отырғандығы тарихтан мәлім. Өз заманында атақты Томирстен бастап Естемі қаған, Оғыз хан, Қарахан сынды тұлғалармен теңдес қазақтың Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан және ұлы Абылай сынды тарихтың дамуына ықпал еткен бірегей саясаткерлер шықты. Әсіресе «Орыс аюын орманында, Қытай айдаһарын қорғанында, Жоңғар жыланын інінде» ұстайтын саясат жүргізе білген ұлы Абылайдың ролі ерекше еді. Содан соң-ақ бодандыққа түскен еліміз 200 жылдан асқанда ғана барып тәуелсіздігіне қайта қол жеткізді.

Қазақ елінің қайда екенін, қазақ халқының кім екенін білмейтін жер шары халқына еңсесін көтерген елімізді, кең байтақ жерімізді, бабалар рухына бас иген ділімізді, көркем де аса бай тілімізді, көз жауын алар сәнімізді, құлақтан кіріп бойды алар әнімізді таныта білген Тұңғыш Президентімізді тек қазақ емес бүкіл түркі жұрты мақтан тұтады.

Киелі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі түркі халықтарының, оның ішінде ісі қазақтың айрықша құрмет етіп, тәбәрік тұтар мекені. Ұлы ұстаздың рухани ілімі бағзы заманнан бері шынайы еркіндікке, тәуелсіздікке жеткізетін жол ретінде танылған. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» деп өткен кешегі қазақтың хан-сұлтандары ел басқару

ісінде Ясауи қағидаларын негізге алған. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Түркістан мен оның ұлы ғимаратын бүгінгі ұрпақ қазақ мемлекеттілігі тағдырмен тығыз бірлікте қарастырады. Ұлттық бостандығымыз бен іргелі елдігіміздің ақ ордасы, асыл көзі деп ардақ тұтады», -деп киелі мекеннің дәрежесін одан әрі айқындай түсті.

Осы алтын сабақтастықтың бүгінгі күнге дейін тіні үзілмей жеткендігін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өткен тарихымызға, рухани мұрамызға деген ізгі ниетімен, ілтипатымен байланыстыруға болады. Әркез бабалар дәстүріне айнымас адалдықтың үлгісін көрсетіп келе жатқан Елбасымыз Әзірет Сұлтан кесенесінің ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енуіне тікелей мұрындық болды.

→2

МУЗЕЙ – РУХАНИ МЕКЕН, МӘДЕНИ МЕКЕМЕ

Еліміз ата-баба армандаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, дербес мемлекет болғанынан бергі жылдар ішінде бұған дейін бұрмаланып келген Отанымыздың тарихы жаңа тұрғыдан зерттеліп, оған тиісті оң бағасын беріп жүзеге асуда. Бүгінгі таңда біздің еліміз қол жеткізген табыстар бізге жан-жағымызға зер тастауға, өткен жолымызды таразылауға әрі болашаққа батылырақ көз салуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып әлемнің өркениетті елдері қатарынан көрініп, ғасырлар бойғы арманына жетті.

Адамзат ұрпағы басынан кешкен замандарды көз алдыңызға елестетіп, сол заманалар көшіне бой алдырғыңыз келсе, оны көңіл көзімен оқып, ой түйгіңіз келсе, жарқын болашаққа нық сеніммен ой жүгірткіңіз келсе, әрине, ең алдымен, мұражайға кіріп, ондағы жәдігерлердің сырына үңілудің маңызы зор. Ата-бабалардың өмірлерінде ұстап-тұтынған бұйымдарын тандай қағып тамашалап, өткенге салауат айтып, қасиеті дарыған бабалар мұрасынан тағылым мен тәрбие нәрін алып шығатыныңыз анық.

Музей – табиғат пен адам қолымен жасалған өнер туындыларын және көне заман ескерткіштерін, үлгі нұсқаларын жинақтаушы, сақтаушы, насихаттаушы және бұл мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, осы негізде қоғам мүшелеріне тәлім-тәрбие беретін ғылыми-мәдени және рухани

мекеме. Сондықтан да бүгінгі таңда әлем мемлекеттері арасында музейі жоқ елді-мекенді кездестіру мүмкін емес. Ал, әлем мемлекеттерінде музейдің қалыптасуы мен дамуы сол халықтардың өзіне тән ұлттық ерекшеліктеріне байланысты.

Музейлер қай халықтың болмасын тарихынан тағлым берер рухани мекеме болуымен қатар, сондай-ақ, жабық жүйеге мемлекет пен қоғам алдында музей зағтарын сақтау, қорғау, пайдалану функцияларына жауап беретін мекеме.

Музей жүйелері әр түрлі профильдегі, типтегі музейлерден тұрады. Музей жүйесінің құрылуына қоғамдық факторлар әсер етеді. Оған қоғамдағы құндылықтар мен қажеттіліктердің өзгеруі, өнердің, білімнің, ғылымның, өндірістің дамуы жатады.

→2

КӨНЕ ҚАРУ СЫРЛАРЫ

Қазақ халқы күні кешеге дейін «аттың жалында, түйенің қомында» жаугершілік жағдайда өмір сүріп, өз елін, жерін, тәуелсіздігін қорғауда басты тұлға әр жігіттің өміріне қажетті негізгі заттарды іріктеп қасиетті жеті санының ұғымына сидырып «Жеті қазына» деп атайды.

Жеті қазына - қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсініктердің бірі. Қазақ халқы Жеті қазынаны ел қорғау, жеті жұрттың қамын жеп, рухын асқақтатар ер жігіттің өмірімен тығыз байланыстырады. Ел намысын өз мүддесінен артық санар азаматтың сенімді серігі болар жеті қазынаның бірі – берен мылтық деуі тектен-тек емес. Берен сөзі – ауыз әдебиеттерінде бірде жебе атауы болса, бірде сауыт, бірде мылтық түрінде қолданылады.

Жебе атауында - қарсыластың сауытынан басқа оқ өтпегенде қолданылатын болаттан жасалған қырлы жебе ұшы.

Ал, берен сауыт немесе беренгілі сауыт дегенде тері немесе матаға металл тақташаларды шегелеп, қатарлап бекіту арқылы жасалған сауытты атайды. «Сақ, сармат, түркі әскерлерінің бір бөлігі осындай сауыт киген жауынгерлерден құралған. Үлкен темір тақталар иілуге мүмкіндік бермейтін болғандықтан берен кеудеше түрінде тұтас жасалынып, бастан сыпырыла шешіліп киілген, баумен байланған. Іштен шегеленгендіктен болат тақталардың ара-жігі ашылмай, денеге қару өткізбейтін берік болған.

→3

МҮСӘЛЛӘ ҚАҚПАСЫ АТАЛУЫНЫҢ СЫРЫ ҚАНДАЙ?

→2

«ҚЫРЫҚ ҚАҚПАЛЫ ҚАРАШЫҚ» СӨЗІ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

→3

«ҚАРА КЕМПІРДІҢ» АВТОРЫ

→4

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

«ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАННАН НҰРЛЫ ЖОЛДЫ НҰР-СҰЛТАНҒА»

6 шілде – Елорда күніне орай «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде «Қасиетті Түркістаннан нұрлы жолды Нұр-Сұлтанға» атты көрмесін ашты.



Көрменің мақсаты- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларында көрсетілген бағыттарды негізге ала отырып, Ұлы даланың рухани мұраларын қалың көпшілікке таныту, насихаттау арқылы еліміздегі тарихи орындарға келушілердің қызығушылығын ояту. Сондай-ақ бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне 2003 жылдан бастап енген Орта Азиядағы теңдесіз бірегей сәулет ескерткіші Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі мен сайыпқыран Әмір Темірдің бұйрығымен жасалған ортағасырлық түпнұсқа XIV ғасырдың шырағандары, тайказан, лауһа (тудың ұшы) мұралары арқылы еліміздің тарихи-мәдени жәдігерлерін, бай мұраларын, Тұңғыш Президентіміздің еліміз үшін атқарған жанқиярлық ерен еңбегін насихаттау.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі директорының орынбасары Сатубалдин Абай Каримтайұлы және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы көрменің ашылуымен құттықтады.

6 шілде – Елорда күніне орай қасиетті Түркістаннан Елордамызға өзіміздің шашуымызды алып келіп отырмыз. Көрменің тағы бір себебі – биыл Түркістан қаласы облыс орталығы болғанына 1 жыл толып отыр. Өздеріңіз білесіздер Түркістан туристердің көп келетін орны. Түркістан – ежелгі қала, рухани астана, тарихи мол мекен. Көрмеге ең құнды жәдігерлердің бірқатарын алып келдік. Басқа жерде кездеспейтін түпнұсқалар біздің музейімізде сақтаулы. Сонымен қатар, Түркістан жайлы, «Әзірет Сұлтан» қорық-музейіне қарасты ескерткіштер жайлы суреттер, деректі фильмдер, құнды кітаптар мен Диуани хикмет, қолжазбалар да көрмеден орын тепкен. Баршаңызды тарихи туындылардың Елордадағы көрмесінің ашылуымен құттықтаймын!», – деді Нұрболат Қадырұлы.

Ал Ұлттық музей директорының орынбасары Абай Каримтайұлы қасиетті жерде сан мәрте ұлтымыздың тағдыры талқыланып, түбегейлі шешімдер қабылданғанын, қазақтың небір ұлы тұлғалары сол жерде дүние есігін ашқанын айтты. – Жібек Жолы бойынан ірге көтерген байырғы қала Түркістанның облыс орталығы болуы ерекше қуаныш екенін атап өткен жөн. Құллі түркі әлемінің алтын ордасы болған Түркістанның қайтадан түлеп, тәуелсіздік тұғырының биіктей түсуіне өзіндік үлес қосатын кезең туды. Бір мың жарым жылдан астам терең тарихы бар қаланың XXI ғасырда жаңа тынысы ашылды. Ол жерде қазір ұлт болашағы үшін қыруар жұмыстар атқарылып жатыр. Осындай тағлымдық мәні зор көрмені әкеліп отырған әріптестеріме толағай табыс тілеймін.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Нұр-Сұлтан қаласында ашылған көрме үш бөлімге топтастырылып, 60-тан аса жәдігер және деректі фильмдер мен 3D тур, тұлғалар жайлы жинақ кітапшалар қойылған. Көрменің бірінші бөлімі әулиелердің Сұлтаны атанған Қожа Ахмет Ясауи мұрасына арналған. Яғни, Қожа Ахмет Ясауидің артында қалған баға жетпес мұралары XVIII ғасырға тән «Диуани хикмет» кітабының қолжазба және баспа нұсқалары, «Насабнама» шежіресі, ұлы тұлғаның шәкірттері С.Бақырғанидің «Диуан» қолжазба еңбегі экспозициядан орын тепкен.

→2



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

«ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАННАН
НҰРЛЫ ЖОЛДЫ НҰР-СҰЛТАНҒА»

←1

Сондай-ақ, Шейх Худайдад Таш-Мухаммед әл-Бухаридің «Бустан уль Мухиббиннің» түркі тілінде жазылған қолжазба еңбегі, Ә.Науаидің «Ғазалдары», Софы Аллаярдың «Муслик ал-Муттакин», «Әулиенің өсиеттері» еңбегі, Қожа Хафиздің «Диуаны», Имам Мағрудидің «Қиссалары», Әулие Биделдің «Диуан» еңбектерімен қатар, Әмір Темір сыйға тартқан ортағасырлық XIV ғасырдың құнды жәдігерлері – шырағандарының түпнұсқасы, лауха, тайказан көшірмелері де экспозициядан көруге болады.

Көрменің екінші бөлімінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1985 жылы Қазақ ССР Министрлер кабинетінің басшысы, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті тұсындағы, бауырлас Түркия Республикасының Президенттері Тұрғыт Озал, Сүлеймен Демирел, Ахмет Сезар, Абдулла Гүл, Реджеп Тайып Ердоған, Өзбекстан Республикасының Президенті И.Каримовпен, 2018 жылғы Түркістандағы ресми сапарларынан сыр шертетін фотосуреттері мен 1999 жылы Түркістанға келген сапарында қорық-музейге сыйға берген Құран Кәрім кітабы

көпшілік назарына ұсынылды.

Көрменің үшінші бөлімінде 1871-1872 жж. жиһанкез А.Құндынның «Түркістан альбомында» жарық көрген Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, ондағы Әмір Темірдің бұйрығымен жасалған XIV ғасырдың құнды жәдігерлері - Тайказан, Лауха (тудың ұшы), Шырағандар, Есіктер мен қорық-музей қорындағы этнографиялық, археологиялық материалдар, Түркістан өңіріндегі тарихи-рухани орындардың фотосуреттері орналастырылды.

Сондай-ақ, 20 маусым күні Нұр-сұлтан қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың халық алдында есеп беру кездесуі аясында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК «Киелі Түркістан» атты көрмесі ұйымдастырылды.

Көрме экспозициясына Әмір Темір дәуірінен сақталған шырағандардың түпнұсқалары, қорық-музейдің баспа өнімдері және «Цифрлы Қазақстан» жобасы аясында 3D-тур көзілдірігі, кесенеден жерленген тұлғалар бойынша ақпараттық киоскілер қойылды.

ТҮРКІСТАНДЫ
ТҮЛЕТКЕН ЕЛБАСЫ

←1

Елбасы Н.Ә.Назарбаев, 1985-1988 жылдары Қазақ ССР Министрлер кабинетінің басшысы қызметін атқарып жүрген тұста, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнайы ат басын бұрып, мұндағы атқарылып жатқан іс-шаралармен таныс болған. Содан бері Елбасы тарапынан ұлы тұлғаға тағзым ретінде саналатын игі жұмыстарға ақ жол ашылды деп есептеуге болады. Еліміз тәуелсіздігіне енді қол жеткізіп, егеменді мемлекет ретінде еңсесін тіктеп жатқан жауапты кезеңде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Түркістан қаласының абыройын асқаттар, күллі түркі жұртының басын қосуға бағытталған жобаларды бекітті. Тұңғыш рет киелі мекеннен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті ашылды. Сонымен қатар, кесененің көрік-келбетін қалпына келтіруге күш жұмылдырып, 2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтуге барлық жағдайды жасады. Президенттің Әзірет Сұлтан кесенесіне деген қамқорлығы арқасында «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында көне шаһардың шынайы келбетін, тарихи шежіресін айқындау қолға алынды. Бұл бағдарлама бойынша орындалған нәтижелі еңбектердің өзі бір төбе.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өз қаламынан туындаған шығармаларында, ой-толғамдарында Қожа Ахмет Ясауидің рухани ілімі мен оның қазіргі кездегі жаңа буын жас ұрпаққа қажеттілігіне жаратуға баса назар аударылған. Оның тарихи-мәдени маңызына қатысты елеулі тұжырымдар келтірілген. «Тарих толқынында», «Сындрлы он жыл», «Ғасырлар тоғысында» атты кітаптарында Ясауи қалыптастырған ілімнің құндылығы жөнінде өте құнды пікірлер айтылған.

Елбасымыздың қасиетті шаһарға әр



сапары жақсы жаңалығымен жанға жебеу, ойға демеу болу.

Елбасымыз Түркістан қаласына 2010 жылдың 26 мамырында жасаған сапары кезінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде кездесуге жиналған жастардың алдында күллі әлем мойындаған Ясауи мұрасын оқып-үйрену жөнінде, оның мәні жөнінде сөз қозғады. Демек, бұл Ясауитанудың, Ясауи мұрасын игеру саласының жаңа белеске көтерілуіне алғышарт десе болғандай.

2015 жылы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Р.Т.Ердоған қасиетті шаһарда бас қосып, бауырлас елдің тартуы ретінде бой көтерген «Ахмет Ясауи» атындағы екі мың орындық мешіттің тұсауын кесті.

2018 жылдың 19 маусым күні Елбасымыз «Қазақстан Республикасының Әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» Заңының тоғызыншы бабына сәйкес,

Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесін беру және облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл Түркістан әкімшілік аумақтық құрылымына өзгеріс енгізу арқылы өңірдің өркендеуіне тың серпін беруді көздеген тарихи құжат болып саналатындығын атап өтті.

Қазіргі таңда шаһарда отандық туризм саласын дамытуға арналған тың жобалар дайындалып, Күлтөбе қалашығы, Хан Ордасы, Түркістан маңындағы ортағасырлық жерасты жолдары, тайказанның құйылған орнына археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстары жүріп жатыр. Алдағы уақытта аталмыш тарихи орындар ашық аспан астындағы музей ретінде келушілерге қызмет көрсетіледі деп күтілуде.

Берік ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

МУЗЕЙ – РУХАНИ МЕКЕН, МӘДЕНИ МЕКЕМЕ

←1

Музей жүйесі ұзақ тарихи кезеңдер арқылы қалыптасады. Әрбір музей ғылыми негізде және өнер саласына қарай жүйеленеді. Мысалы, тарихи музейлер жалпы тарихи, ұлттық, өлкелік немесе белгілі бір тарихи кезеңге, уақиғаға арналған болып бөлінеді.

«Мұражай – тарих, мұражай – шежіре. Мұражай – білім-ғылым. Сан-салалы өнер мен ғылым қоспасы – мұражай. Мәдениетті елдерде әрбір мұражайдың тарихи жазылып қаталады. Тіпті әрбір мұражайдың кезеңімен алмасып, жаңарып тұрар – экспозициясының тарихы шежіреленеді» деген көрнекті әдебиетші ғалым Құлбек Ергөбек «Түркістан жинағы» атты кітабында.

Өркениетті мемлекеттердің көбісі өз музейлерінің сән-салтанатын арттыру арқылы әлемге есіктерін айқара ашып отыр. Расында да, музей ұлттық мәдениеттің кірер есігі, қара шаңырағы іспетті. Көне жәдігерлер мекенінің босағасынан аттаған қарапайым адамнан бастап, лауазымды тұлғалар болсын, мемлекет басшылары немесе шетелдік қонақтар елдің, халықтың бай құнарлы мәдениеті жөнінде түсінік алады. Музей тек құндылықтар сақтайтын қойма немесе сол құндылықтарды көрсететін көрме ғана емес. Ең алдымен, ол – ұлттық ғылыми-зерттеу мекемесі.

Себебі мұнда уақытпен таласа атқарылып, насихатталып жатқан жұмыстардың барлығы дерлік – ғылыми-зерттеу еңбектерінің түрлі көріністері, музей ісі ғылымының жетістіктері, музей мамандарының еңбектері. Мысалы, музейге бір зат келді делік, оны есепке алу қажет, камералық өңдеуден өткізіп, тегін анықтап, этникалық паркын айғақтаймыз, осының бәрі «атрибуция» деп аталады. Одан кейін жәдігердің төлқұжаты жасалып, тақырыптық каталогтаудан өтеді. Міне, нағыз ғылым, музей ісінің зерттеу, зерделеу жұмыстарының бір парасы осы. Зерттеп, зерделенген жұмыстар кітап түрінде көпшілікке ұсынылады. Тарих, этнография, мәдениеттану, әлеуметтану, әлеуметтік антропология ғылымдары бойынша ең танымал әлемдік деңгейдегі көрнекті ғалымдар Роман Мариневский, Виктор Тернер, Клод Ливестроз – бұлардың барлығы музей қызметкерлері. Әлемдік мәдениетте сүбелі еңбектері мен мәңгі өлмес ғылыми туындыларын қалдырған ғалымдар музейде қызмет ете жүріп, ойларын дамытқан. Өркениетті елдерде музейге, мәдениетке деген жалпыхалықтық махаббат



айрықша. Сондықтан біз қазақ мәдениетін әлемге таныту үшін, алдымен, өз елімізде мәдениетке, рухани құндылықтарға деген құрмет пен білімді жоғарылатып, ғылыми негіздерге сүйеніп, жетік зерттегеніміз жөн. Егер барымызды бағалай білсек, бізде басқаға танытарлық байлығымыз жетерлік. Рухани байлыққа баға жетпейді.

Мұражайлық зат деген ұғымды Ресей ғалымы Н.М.Дружинин 1930 жылдары отандық ғылыми айналымға енгізген болатын. Шетел зерттеушілері З.Странский, Й.Бенеша, К.Шрайнер, В.В.Кондратьева сынды зерттеушілер өз еңбектерінде мұражайлық заттар адамның ой өрісінің кенеюінің негізі болып табылатындықтарын айтқан.

Қандай да бір зат мұражайлық жәдігерге айналдыру үшін біраз сағыдан өтуі керек. Мұражайлық маңызы бар заттарды ұзақ мерзімге сақтау үшін немесе жоспарланған есептерге пайдалану үшін біршама жұмыстар жүргізілуі керек. Ең бірінші, зат туралы деректер, яғни не үшін пайдаланғаны, табиғаттағы немесе қоғамдағы ортасы, адамдармен, не болмаса басқа заттармен байланыстары толтырылып, есепке алынады. Алғашқы нақты ғылыми жұмыстар жүргізілгеннен кейін барып, мұражайлық зат ретінде танылады. Мұражайға жәдігер ретінде қабылданғаннан кейін, ол заттың

қабылданғанға дейінгі атқарған қызметі мен маңызы айтылмайды. Мысалы, тас шапқы еңбек құралы ретінде пайдаланған болса, мұражайлық жәдігер ретінде сақталған соң, белгілі кезеңнің куәсі ретінде есептеледі.

«Сіздің артыңызда қалдырған мұраңыз – жинаған байлығыңыз, жай ғана құндылықтар емес, жақсы өткізген өміріңіз. Құндылықтар – адамдардың не үшін өмір сүретінінің белгісі» деген екен Т.Джефферсон.

Олай болса, музей қорын толықтыру мен ондағы жинақталған құндылықтарды зерттеу-зерделеу барлығымыздың міндетіміз.

Музей бұрынғы мен қазіргі материалдық және рухани мәдениетті сақтап, насихаттайтын киелі орын. «Өткенді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың» - деген өткен тарихымызды ақтара қарап, бүгінгі күннің көкейкесті сауалдарына жауап іздейді, қоғамның бұдан былайғы заңдылықтарын түсінгісі келеді. Таным дүниесіне осылайша қарасақ, музей өткен мен болашақты жалғастырушы түйін, рухани-мәдени мекеме болып табылады.

Багила АБЗЕЙТОВА,
С.Ерубаев атындағы әдеби-мәдени музей қызметкері

22-ХИКМЕТ

Тынбай ғашық үһірлер, бір Құдайға жалбарынып,
Жүрер оған ғашық боп, ертелі-кеш сарғайып,
Зар илеген ғашықтың, есіл-дәрті Құдайым,
Ғашығы үшін күнәсін, кешірер Құда ылайым.
Күйіп-жану ғашыққа әлімсақтан мінәсіп,
Мансұр бір күн жылады, Ирандар рахым қылады,
Шілтен шәрбет сыйлайды, Мансұрмен бас құрасып.
Мансұр айтар «Әнелхақ», Ирандарда жалғыз Хақ,
Молдалар айтар: - Бұл нахақ, - кәлімадан сыр ашып,
Айтпағын, «Әнелхақты» деп, кәпір болдың қатты деп,
Құраннан аят айтышы деп, өлтірінмі шуласып.
Білмейді гой молдалар, «Әнелхақтың» мағынасын,
Кем ақыла хал ғылым, Хақ көрмеді мінәсіп.
Рауаяттар таусылды-ай, наоандықтан жатсынбай,
Әулиені Мансұрдай, қойды апарып дарға асып!
Әфсанә дүр шариаат, фәрзанә дүр хаққат,
Дүр дана тұр тарихат, ғашықтарға жол ашып...
...Жыламаған қалмады, Мансұр деп бәрі зарлады,
Дос жарандар Мансұрдың қалды артында жыласып.
Тәубә қылыл Қожа Ахмет, болғай Хақтан рахмет,
Әулиелер көп өткен, сыры сығға ұласып.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

МҮСӘЛЛӘ ҚАҚПАСЫ
АТАЛУЫНЫҢ
СЫРЫ ҚАНДАЙ?

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің құрамындағы Мүсәллә қақпасы - XIX ғасырда қызмет көрсеткен сәулеттік құрылыстардың бірі.



Координаттары: 43°17.751', 068°16.409'. Теңіз деңгейінен биіктігі - 226 метр. Археологиялық қазба нәтижесінде табылған тарихи-мәдени ескерткіш Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің алдында 150 метр қашықтықта орналасқан.

2009-2010 жылдар аралығында қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Биіктігі - 9,5 метр, ені - 5 метр, жалпы ұзындығы - 26 метр. Қақпа мұнарасының биіктігі - 1,5 метр. Қақпаның бұлай аталу себебі Әзірет Сұлтан кесенесі алдында мейрамдарда намаз оқып, құлшылық жасайтын «мусалла ал-ид» деп аталатын алаң болған.

КӨНЕ ҚАРУ СЫРЛАРЫ

←1

Шығыстан ауысқан бұл сауыт түрін Еуропада «бригиндин» деп атаған. Кейде береннің иықтары мен етегін аң терілерімен жиектеген. Сауыттың тысына қымбат, әдемі маталар қапталғандықтан аса сәнді көрініп, көбінесе, хандар, қолбасшылар киген. Беренді негізінен, жұқалау кіреуке, қаттама сауыттардың сыртынан киген. «Айбынды ерлер көп өтті, Кіреуке киген, беренмен» (Ақтамберді) деген жырдағы берен осы.

Берен мылтық-атқанда жарылмас үшін оқпаны асыл болаттан соғылып жасалған көне мылтықтың ауыз әдебиетінде кездесетін атауы.

Қалай болғанда да, қандай мағынада қолданылса да оларды біріктіретін ортақ ұғым – асыл болат (металл) дегенге саяды.

Өмірі ат үстінде елінің «жоғын жоқтап, жыртығын жамап» өткен бабаларымыз асыл мен жасықты, қазіргі тілмен айтқанда технологияның озғы мен тозығын алыстан болжап, дөп басып тани білген. Шұғыл да дәл қимылдау үшін, әрі терең, әрі көп білу керек. Біліктің тереңдігі құбылыс пен болмыстың барша сырғын көзбен көріп, көңілмен ұғып саралай білуде болса, берісі өзінің, әрісі адамзаттың басынан өткенінен дұрыс қорығынды жасай білген бабаларымыздың қазіргідей апаратын кеңістік қалыптаспаған кезеңде дөп басып, дәл тигізер сұңғыла саясаткерлігі мен білім-білігіне таң қалмастан басқа шараң жоқ.

Әлемдік техникалық прогрестің көшіне ілесіп, шаң қауып соңында қалмай, жаңа үлгідегі құралдарды дер кезінде қолдана білгеніне ел ішінде немесе мұражайларда сақталған көне заманның техникалық жәдігерлері куә.

Сондай жәдігерлердің бірнешеуі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейінің қорында сақталған отты қарулар.

Ресейлік қару жасаушы капитан С.И.Мосин жасаған. Салмағы 4,5 кг, ұзындығы 114 см, Дүмі ағаш, ұңғысы болаттан жасалған, жұмыр бесатар винтовка. Сүңгісі сақталмаған, дүмі ескірген. Болат ұңғы ағаш дүмге бекітілген. Білтесі (затвор) жоқ, орны бос тұр. Қарудың төменгі, шүршіппенің алдыңғы жағында оқшантайы орналасқан, оқшантай қақпағында серіппе бар, ол оқты сығымдап, кезекпен ұңғыға қарай итеріп отырады. Ұңғының үстіңгі жағында болатын күюден сақтайтын ағаш қаптамасы жасалмаған.

Мылтықтың білтесі (затвор) оң қапталынан жоғары қарай қолымен бұралып артка тартылады, осы мезетте оқты оқшантай қақпағындағы серіппе ұңғыға итеріп кіргізеді. Мылтық шүршіппесі осы қозғалыспен бірге артка қайтады, шүршіппенің басқан кезде жоғарыдағы шаппа оқ пыстанын соғады да оқ дәрі тұтанады. Осындай механизм арқылы ату процессі механикалық түрде бес оқ таусылғанша қайталанып отырады.

Қарудың ұңғыны тазалауға арналған сүмбісі (Шомпол), Мылтық сүңгісі (Штык), аспа белдігі, білтесі (Затвор) сақталмаған.

Бұл қарудың жасалу тарихы өте күрделі болды. Оған бірнеше орыс конструкторлары жұмылдырылды. Бірақ, негізгі күш пен еңбек С.И.Мосинге тиесілі еді. Бұл қару автордың көзі тірісінде оның атымен аталмады. Қару орыс солдаттары арасында «трехлинейка» (ұзындық өлшеміне байланысты) деген атпен белгілі болды. «Мосин винтовкасы» деген атты тек Кеңес Одағы тұсында, 1930 жылдары ғана алды.

Мосин винтовкасы ғылым мен техниканың күрт даму кезеңіне тура келеді. Оның авторы С.И.Мосин 1875 жылы Тула қаласындағы қару жасау шеберханасының басшысы болып тағайындалады. 1880 жылы біратар винтовка жасап шығарып, қару жасау ісінде білгір маманға айналып үлгерді. 1894 жылы Сестрецький қару жасау зауытының директоры болады.

Осы жылдары қару жасау технологиясындағы дамудың барысында бір атар винтовканы оқшантайлы (магазинді) бесатар винтовкаға айналдыруға қол жеткізіледі. Бұл кезеңде Ресейде қарулану процесі алға

жылжи бастаған болатын. Дегенмен, Батыс Еуропалық мемлекеттер әлі де көш ілгері тұр еді.

Әлемдік техниканың даму үрдісі жайбасарлықты кешірмейтіні белгілі. Сондықтан, империя басшылары техникалық жаңалықтарды тезірек өндіріске енгізуге асығады. Ресей империясы әскери қолбасшыларының таңдауына екі қару моделі ұсынылады. Біріншісі; Белгиялық Леон наганы, екіншісі; Ресейлік Мосин винтовкасы. Сынақ кезінде Белгия винтовкасы таңдалды. Бірақ, жоғарғы басшылық белгиялық винтовканың ату және оталу мүмкіндігі Мосин винтовкасына қарағанда екі есеге жуық төмен екенін ескеріп, Мосин винтовкасын таңдады. Дегенмен, жоғарғы әскери басшылықтың талабы бойынша винтовкаға наганның бесатар оқшантайы (магазині) орнатылады. 1891 жылы Мосин винтовкасымен бірге оған арналған 7,62 мм жаңа оқ та қабылданады. Оны орыс конструкторы Велтишев француздық 8x56 мм R калибрлі Либел винтовкасы оғының үлгісінде жасаған.

1891 жылғы үлгідегі Мосин винтовкасы орыс қарулары ішіндегі ең белгілісі және XX ғасырдың бас кезіне дейін Ресей империясы армиясының орыс-жапон соғысындағы, I Дүниежүзілік соғысындағы, 1917 жылғы революция кезіндегі негізгі қаруы болды.

1891 жылғы 7,62 мм қару үлгісі 3



Бердан-1 винтовкасы

түрлі нұсқада қабылданды. Нұсқалардағы айырмашылық тек ұңғының ұзындығында ғана болды;

1. Жаяу әскер винтовкасы. Ұңғысы мен сүңгісі ұзын.

2. Драгун (кавалерлік) винтовкасы. Ұңғысы қысқа, аспа белдігінің бекітілу орны өзгертілген.

3. Казак винтовкасы. Сүңгісіз, ұңғысы қысқа.

Винтовка сүңгісі ескі үлгідегі болатын. Ұшы үшкір, төртқырлы, ұңғыға бекітілер тұсы тоға секілді бекітпемен жалғанған. Қарудың басты кемшілігі де осы сүңгіге байланысты. Қаруды барлық уақытта әскери дайындықта, яғни, сүңгі бекітілген қалыпта ұстауға тура келген. Сүңгі ағытылып алынғанда оның тепендік заңдылығына нұсқан келіп, нысана көздеу дәлдігі де айныды. Сүңгіні алып-сала берегендіктен уақыт өте келе бекітпе тозып, салқылдап, өз кезегінде атылған оқтын дәл тию процесіне кері әсерін тигізген. Бұл кемшілік тек 1930 жылдары ғана түзетілді.

Тағы бір кемшілігі ұңғының сыртында атқыштың қолы күймес үшін қапталатын қаптамасы болмаған. 1894 жылдан бастап бұл кемшілік ескеріліп, ұңғының үстіңгі жағына ағаш қаптама орнатылған.

Қорық-музей қорында сақталған Мосин винтовкасын әскери әдебиеттердегі сипаттамамен салыстыра келгенде қару 1894 жылдан бұрын жасалған, жаяу әскерге арналған нұсқа болу керек деген тұжырым жасауға болады.

Қазақ арасында кеңінен таралып «Берденке деп атылып кеткен америкалық Хайрем Бердан жасап шығарған Берданка винтовкасының да бір данасы қорық-музей қорында сақтаулы.

Дүмі ағаштан жасалып, ұңғысы үш жерінен қанылтыр қамытпен ағаш дүмге бекітілген. Ұзақ уақыт қолданыста болып, бұрынғы түпнұсқа қамыт жарамсыз халге жеткесін қамыт қайта жасалғанға ұқсайды. Ұңғының ұзындығы 121 см, салмағы 3,8 кг, калибрі 10,67 мм. Сақталған бөлшектері аспа белдігі, білтесі(затвор), оқшантайы, шаппасы түгел сақталған, жұмыс істеу жағдайында. Өкінішке орай сүмбісі

(шомпол) мен сүңгісі (штык) сақталмаған. Ұңғысы мен білтесі, шүршіппесі, шаппасы және қамытын тот басқан. Қару ұңғысының сол жақ қапталында сақтандыру тетігі орналастырылған. Жазба, номер, бедерлі мөр немесе логотип жоқ. Жәдігердің көлемі мен салмағына және басқа да ерекшеліктеріне қарап салыстыра отырып саралағанда Бердан винтовкасының 1871 жылы шыққан Бердан-2 Драгундық-кавалерлік нұсқасы деп толықтай айта аламыз. Себебі; аспа белдігінің бекітілу доғасы, ұңғының ұзындығы мен қарудың жалпы салмағы әдебиеттерде сипатталған дәл осы нұсқаға сәйкес келіп тұр.

Бердан винтовкасын XVIII ғасырдың 60 – шы жылдары Американдық әскери полковник, АҚШ азаматтық соғысының батыры, конструктор Хайрем Бердан жасап шығарған. 1867 жылы Америка Құрама Штаттарына орыс офицерлері Александр Павлович Горлов пен Карл Иванович Гуниусті орыс армиясы үшін қажетті заманауи қару таңдау үшін іссапарға аттандырады. Олар осы Х.Берданның винтовкасына тоқталады. Дегенмен, орыс офицерлері атлымы қаруға 25 түрлі өзгерістер мен қосымша енгізеді. Қарудың бұрынғы түпнұсқасынан аз ғана белгі қалады. Сол себепті де бұл қаруды АҚШ – та «Орыс мускеті» (Russian musket) деп атаған.

Қаруды шығарумен АҚШ-тық Колт компаниясы айналысқан, Коннектикут

штатындағы Хартфорде зауытында жасатқан. Сондықтан да Америкада ауызекі тілде «Колт-Бердан» (Colt Berdan rifle) деп аталып кеткен.

Бұл мылтық америкалық әскери инженер Бердан конструкциясы бойынша жасалғандықтан соның құрметіне «берданка» деп атап кеткен. Қазақ тіліне аздаған дыбыстық өзгерістермен еніп, берденке деп аталады.

Ресейде 1860 жылдардың соңы мен 1870 жылдардың басында армияны жарактандыра бастады. Осылайша 1870 жылдардың басында КРНК винтовкасының орнын жылдам оқталып, жылдам атылатын әрі дәлдік пайызы жоғары Бердан-1 винтовкасы алмастырды.

1870 жылы Х.Бердан Россияға келіп, император ІІ Николайдың қабылдауында болып, Бердан -2 винтовкасының жаңа моделін ұсынады. Бұл нұсқаның артықшылығы білтесінде (затворында) бұрынғы қарудың білтесі (затворы) жоғары қарай серіппелі болса, жаңа нұсқада бірте (затвор) көлбеу сырғымалы.

Әйтсе де, бұл қаруды үкімет қабылдағанмен оған орыс әскери өнертапқыштары полковник В.Л.Чебышев драгундық нұсқасына, полковник Сафонов казак және кавалер қарабин нұсқасына 15-ке жуық өзгертулер мен жетілдірулер енгізіп, Ресей қару жасау заводтарында шығара бастады. Армия 1871 жылдан бастап Бердан – 2 винтовкасымен жарактандырыла бастады.

1877-78 жылдардағы орыс – түрік соғысы басталар алдында осы қарудың 37 000 данасына тапсырыс беріліп, ескерді қаруландырады.

1877 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мәлімет бойынша:

Бердан – 2 винтовкасының жаяу әскер және драгундық нұсқасының орыс армиясында 17 810 данасы әскер қолында, 10 104 данасы қорда сақталған;

Бердан – 2 винтовкасының жаяу әскер, драгундық, казак және кавалерлік қарабин нұсқаларының 253 152 данасы әскер қолында болса, 103 616 данасы қорда сақталған.

Бердан винтовкасының Ресейлік нұсқасы орыс винтовкаларының ішіндегі соңғы біратар винтовка болды. Ол XIX ғасырдың 90 жылдарына дейін әскери қолданыста болды.

Ата – бабаларымыз ер серігі деп қасиетті жеті қазының қатарына қосқан асыл болаттан жасалған Берен мылтықтар осылай тарихи кезеңдердің қатал сынаған өтіп, үздіксіз жаңарып, өзгеріп отырған. Заман талабына сай бірін – бірі алмастырып, ескісі тарих қойнауына аттанып, жаңасы адамзат қолданысуына еніп отырған.

«ҚЫРЫҚ Қақпалы Қарашық» СӨЗІ ҚАЙДАН ШЫҚқан?



Бұл сөздің мағынасына тікелей үңілсек «қырық қақпасы» (есігі) бар Қарашық қаласы дегеннен саяды. Алайда, мұндағы «қақпа» сөзінің арабшасын іздесек «баб» - есік, кіріс, тарау, бөлім, көз, бұлақ, тұр, тек (сорт) деген мағына беретіндігін көреміз. Әзірбайжан тіліндегі «Әрәб вә фарс сөзлөрү лүғати» деген сөздікте (1966ж.) «Баб» - қақпа, кітап бөлімі, мәселе, патша мен хәкімдердің қақпасы, бабилік мөзхабтың басшысы және т.б мағыналары келтіріледі. Нұртас Оңдасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінде (1969ж.) есік, кіріс т.б қатар 1984ж. толықтырылған нұсқасында исламдағы Баизм мазхабының көсемі Әли Мұхаммед 1844ж. өзін «Баб» - жаңа дінге өту қақпасы деп жариялағанын келтіреді, яғни – баб дегеніміз жәй ғана есік не қақпа емес – діни, рухани қақпа дегенді де білдіреді.

«Узбек тилидаги арабча ва форсча сузлар лугати» деген сөздікте (1996ж.) «боб» есік, дарбаза, кітап бөлімі деп аударылған, ал, 2005ж. шыққан «Русско-арабский, арабско-русский словарь» деген сөздікте «баб» - дверь (есік) деп берілген. Р.Р.Сафуллинаның 2006ж. Қазанда басылған «Мөселман терминологиясе сүзлге» деген еңбегінде «баб» - «капка», бұлек, мәсәлә (врата, раздел, вопрос) деп аударған. Бұл сөздіктерді келтіргендегі мақсатымыз «Қырық қақпалы Қарашық» деген тіркесті тек қалаға енетін қақпа ретінде ғана қабылдауға болмайтындығына көңіл аудару, «Сайрамда бар сансыз баб, Түркістанда түмен (10 000) баб, бабатардың бабы Арыстан баб» - деген көне заманнан жеткен діни қағидадағы «баб» сөзі де қақпа емес – діни бағыт, мазхаб басшысы, уағызшысы, ұстазы деген мағынада айтылған. Орта Азия мен Оңтүстік және Батыс Қазақстанға ислам дінін таратқан Ысқақ баб, Әбдірахым баб, Әбдіжәліл баб, Арыстан баб, Лашын баб, Қарға баб және т.б есімдерінен, Н.Оңдасынов айтқандай, жаңа дінге өту қақпалары деген мағынаны көруіміз қажеттігін байқаймыз. Осы жерде бажайлап қарағанда «Қырық қақпалы Қарашық» деген сөздің өзі алғашқыда араб тілінде «Арбағуна абуабилы Қарашық» деп аталып, түркіше «Қырық бабты Қарашық», яғни, 40 әулие уағыз жүргізген Қарашық деген мағынада айтылған деп есептейміз. Бертін келе, алғашқы мағынасы ұмытылып, тікелей «қақпа, есік, дарбаза» мағынасы басымдық алып кеткен сықайлы. Сонымен бірге, Қарашық қаласы да Сайрам сияқты ірі діннің өкілдері топтасқан орталық болғандығына да осындай атқа ие болуы мүмкін. Қалай болғанда да, Қарашық қаласы төрт жолдың торабында, ірі-ірі керуен жолдарының қиылысында орналасқан аса ірі экономикалық сауда орталығы болғандығы ақиқат.

Мұндай жағдайда, әлемнің түкпір-түкпірінен келген саудагерлер ғана емес, діни уағызшылар, ғұламалар, бір діннің әр түрлі ағымы, мазхабы жолында жүргендер де тоғысатын жер болғандығына да «қырық түрлі діндерге ену қақпалары» орныққан жер деген мағынада айтылуы да әбден мүмкін сықылды. Себебі, Оңтүстік Қазақстан жерінде отқа табынушылар діні зороастризм де, буддизм де, манихей діні де, христиан-несториян ағымы да, ислам мен оның түрлі мазхабтары да, яһудизм мен шаманизм де (біреуі ілгері, біреуі кейін, немесе қатар) өмір сүрді және олардың біразы өз ғибадатханаларын ірі қалаларда ұстады. Осы жерде «Төрт қақпалы Түркістан» деген сөздің де қаланың тікелей қақпаларына қатысты айтылмағандығын атап өткізіміз келеді. Кезінде белгілі ғалым З.Жандарбеков «Төрт қақпалы Түркістан» дегенде кәдімгі физикалық қақпаларды емес, Түркістанның төрт жағында орналасқан діни-рухани орталықтарды еске алуымыз керек болатынын тілге тиек еткен.

Бұл жерде Түркістанның өзі де аса ірі діни-рухани орталық болғанын еске ала отырып оның төрт жағында да ірі діни-рухани сопылық орталықтары жайғасқандығына көңіл аударсақ аталмыш сөздің түпкі мағынасын түсінеміз. Түркістанның солтүстігінде орналасқан Қарнак ежелден діни орталық болғандығы белгілі, ал, оған қарама-қарсы оңтүстік бетте Отырар мен Арыстан баб орналасқан. Шығысындағы Шаға да әулиелер мекені болғанымен шын мәніндегі діни орталық бес-алты шақырым әрірек орналасқан Тағайын ата қаласы болған. Ахмет Ясауидің тұған нағашысы Тағайын ата осы қалада тұрып дін жолын уағыздаған, ол кезде қала «Шағанақ» деген атпен белгілі еді. Ал, батыстағы қақпа рөлін Шорнақ елді мекені атқарған, мұны Әмір Темірдің кесенеге берген «Вакуфтық» құжатынан да байқауға болады.

Онда «Сығанақ (Сунак), Шорнақ арықтары екі қос жерімен бірге «Шорнақ ата» деген лақап атпен (ныспы) да белгілі Қажы Мәлікке беріледі, ол Дәруіш Әли Сығанақидың немересі, Шайдай шайх Сығанақидың ұлы», Құйындық ата Сығанақидың ұрпағы» делінген, мұндағы Дәруіш Әли Сығанақиды Ахмет Ясауи өзі көзі тірісінде мешіттің хатыбы етіп тағайындаған. Ал, Шайдай шайх Сығанақи ислам әлемінде танымал ғұлама ғалым болғандығын Ә.Дербісәлиев өз еңбегінде қисынды жазады. Ол өмір бойы Шорнақта тұрып уағыз жүргізген атақты «баб», қайтыс болған соң Қосмезгіл (Қызылскер) ауылының оңт.батыс бетіндегі Сидак ата қаласына жерленген. Қаланың аты да «Шайдай шайх» деген сөздің бұрмаланған түрі. Бұл бабтардың барлығы Қарнақта Имам Бахли, Отырарда – Арыстан баб, Шығанақта – Тағайын ата, Шорнақта – Шайдай шайх Ахмет Ясауи мен замандас болғанымен жастары үлкен, тәжірибелі уағызшылар, көбісі Ахметтің әкесі - Ибраһим шайхтың тұсында өмір сүргендер.

Ал, қаланың кәдімгі ішке енетін қақпаларына келсек XVIIIғ. Мессершмидт картасында қаланың алты қақпасы болғандығын, ал, Қоқан әмірлігі қаланы қоршап жаңа қорған-қамал тұрғызған тұста бес қақпа – Мүсәллә, Иқан, Тәкиә, Жеті ата, Дарбаза қақпаларының болғандығын 1864ж. орыс әскери картографтары түсірген сызба планнан көреміз, яғни «Төрт қақпалы Түркістан» сөзі діни-рухани қақпалар мағынасында айтылған, бірте-бірте алғашқы мағынасы ұмытылып, жергілікті халық арасында тікелей қалаға енетін қақпа деген түсінік қалыптасқан деуге толықтай негіз бар.



Бердан-2 винтовкасы

Сәкен ШАМЕТОВ,
кші ғылыми қызметкер

Марат ТҰЯҚБАЕВ,
тарих ғылымының кандидаты

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ



БАӘ ДЕЛЕГАТТАРЫ МУЗЕЙ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне Біріккен Араб Әмірлігінен бірқатар танымал қоғам қайраткерлері, жазушылар, жоғары оқу орындарының ұстаздары, кәсіпкерлер мен БАҚ өкілдері келді.

Делегацияны бастап келген Халықаралық мәдени дипломатия институтының негізін қалаушы және басқарма төрағасы доктор Мухаммед аль-Муайни бастаған топ Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде ұлы тұлғаға құран бағыштап, «Әзірет Сұлтан» қорық-музейімен танысты.

«ҰЛЫ ДАЛА КЕМЕҢГЕРІ – ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Түркістан қаласында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен «Ұлы Дала кемеңгері – Елбасы және Түркістан» атты көрме ашылды.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жоғары мемлекеттік қызметке келгеніне 30 жыл толу мерейтойына арналған кезекті «Ұлы Дала кемеңгері - Елбасы және Түркістан» тақырыбындағы көрменің мақсаты Елбасымыздың елі үшін атқарған қызметі мен ролін, өз қаламынан туған кітаптарын, ой-толғамын насихаттау, кең байтақ жеріміз бен мәдениетімізді төрткүл дүниеге танытудағы ерен істерін өскелең ұрпаққа жеткізу болып табылады.

Шараға Түркістан қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, қала қоғамы, музей қызметкерлері мен бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Түркістандағы тарихи кездесулерінің маңыздылығын жастарға көрсетуді мақсат тұтқан көрмеге қорық-музей қорынан 50-ден аса жәдігер қойылды.

Жиында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени

қорық-музейі директорының міндетін атқарушы Бақытжан Нұрханов құнды жәдігерлердің маңызы мен тәрбиелік мәніне тоқталып, көрменің ашылуымен құттықтады.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі жыл сайын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еліміз үшін атқарған орасан зор қызметі мен өнегелі ғұмырына арнап көрме өткізуді дәстүрге айналдырып келеді. Бүгінгі күнге дейін «Елі сүйген Елбасы», «Елбасы өнегесі», «Елбасы тағылымы», «Елін сүйген Елбасы» тақырыбында көрмелер өткізілді. Елбасымыздың әрбір сапары мен Түркістанға қатысты ой-толғаулары тарих алдында құнды мұралардың бірі болып табылады, – деді «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі директорының міндетін атқарушы Бақытжан Нұрханов.

Шараға қатысушы қонақтар да Елбасы және Түркістан жайлы естелік пікірлерімен бөлісті.



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

«НҰРЛЫ ҚАЛАМ – НҰР-СҰЛТАН» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі РМҚК қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Әмина» балабақшасында 6 шілде – Елорда күніне орай «Нұрлы қалам – Нұр-Сұлтан» атты мерекелік шара өтті.

Жиынға қорық - музейдің Экскурсия және насихат бөлімі мен Ғылыми зерттеу бөлімі қызметкерлері қатысып арнайы көрме ұйымдастырды. Сондай-ақ, мектеп оқушылары мен балабақша бүлдіршіндері өнер көрсетіп, концерттік бағдарлама ұсынды.



Шараның негізгі мақсаты - Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласын ұлықтау арқылы еліміздің болашағы жас ұрпаққа, бүлдіршіндеріміздің

ҚОЛТАҢБА

«ҚАРА КЕМПІРДІҢ» АВТОРЫ

Алтынбек Қоразбайұлы Қоразбаев 1 ақпан 1948 жыл, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Қызылсай ауылында дүниеге келген - әнші-сазгер.

Тараздағы (ол кезде Жамбыл қаласы) мәдени ағарту училищесіне он бес жасында оқуға тапсырады. Училищесінде Алтынбек, әсіресе, күй тартуға құмарлана түсті. Әрине Құрманғазының «Сары арқасы», «Адай» күйлері қай қазақтың делбесін қоздырмаған. Ұстаздарының кейбіреулері оны Мәскеу немесе Ленинград музыкалық жоғары оқу орындарына баруға үгіттейді. Училищені сол жылдары өте білімді басқарған. Шора Теміров Алтынбекті жетелеп әкеліп консерваторияның дирижерлік бөліміне оқуға орналастырады. Мұндағы ұстазы – Алдаберген Мырзабеков дарынды шәкіртті аяқ алысынан танып студенттік кезінде-ақ, Құрманғазы атындағы оркестрге күйші етіп қабылдайды. 1973 жылға дейін домбырашы болған Алтынбек оркестр құрамында Финляндия, Қазақстан мен Ресейдің біраз қалаларына, елді мекендеріне барып өнерін көрсете бастайды. Оның есінде әсіресе Қазақстан халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиевпен бірге Гурьев облысына 1972 жылы баруы өнерінің бір белесі болып танылады. Сол жылдары ол Кененнің «Бозторғайын» «Базар-Назарын» және «Қайран жастық» әндерін өте шебер орындап көзге ілікті.

1973 жылы Жамбыл облыстық «Алатау» эстрадалық ансамблінің көркемдік жетекшісі, сонан соң облыстық филармония директоры болып қызмет атқарған Алтынбектің қаламынан музыкалық дарынынан халық сүйіп тыңдайтын



«Қара кемпір», «Қара шал», «Шашбаулым», «Сырғалым», «Аяулы Таразым», «Ата», «Сағандым атамды» әндері дүниеге келді.

Сазгердің өнер саласындағы жоғары жетістіктері үшін Қазақстанның Ленин комсомолы сыйлығы;

«Қазақ КСР-нің» Еңбек сіңірген артисі»,

1993 жылы «Қазақстан халық әртісі»,

1994 жылы «Қырғызстан Республикасының халық артисі»

құрметті атақтары берілді.

2004 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты;

2010 жылы «Парасат ордені»

2016 жылы Елбасының қолынан III дәрежелі «Барыс ордені» алды.



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

«ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ – ДОМБЫРА»

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен «Қазағымның қазынасы – Домбыра» атты фото көрме және мәдени іс-шара өтті.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен белгіленген «Ұлттық Домбыра күні» қоғамда ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау, қайта жаңғырту мақсатында тойланатын мерекеге арналған шарада ұлттық аспаптың шығу тарихынан бастап қазақтың алты алашқа аттары мәлім болған өнер иелерінің өмірі мен өнерінен сыр шертетін фото көрме қойылып, таныстырылды.

«Балауса» жасөспірімдерді сауықтыру орталығында өткен жиында Бүркітбай Ақсұңқар сынды өнерлі жастар терме орындаса, «Болашақ» тобы «Домбыраның құдіреті» атты көрініс көрсетті.

Сондай-ақ, музей қызметкерлері Дина Әділбаева, Ердос Қоңыс, Ибрагим Мақсат, Ақнұр Бименовалар отбасымен бірге ән, терме күй орындаса, өнерпаздардың кәсіби шеберліктерін арттырып жүрген ұстаз Жұман Бексұлтан мен Бекназар Ондасын күй-тартыс өнерінен шеберліктерін көрсетті.

«Домбыра ұлттық тарихында қарапайым халықтың қуанышы мен қайғы - қасіретін тең бөлісіп, қазақтың басын торлаған ауыр кезеңдерінде жұбаныш бола білген, жазу



- сызу мен қазақтың қаламы мен сахнасының қызметін тең атқарған ұлы аспап. Қазақтың тарихы мен табиғаты күй болып төгілетін күй өнері, домбыраны қолға алып күміс көмей әншілеріміз ән салғанда сайын даланы жаңғыртқан домбыра үні ұлтпымыздың рухани құндылығы.

Қос ішектің күмбірімен шаңағынан сыр ақтарған домбыраның шығу тарихы мен сырт көзге көріне бермейтін мәні зор домбырадан қалыптасқан тәрбие үлгісі адамның ой ұшқырлығын шыңдауға, ата бабадан кәсіп болған дәстүрді дамытуға, өнер арқылы білімге терең бойлауға мүмкіндік тудыратыны анық.

Халқымыздың тұрмыс - тіршілігіне байланысты өнеріміз ғасырлар бойы тек қана жеке орындаушылық формада дамыды. Ол әр дәуірдің мәдениетінде дарынды тұлғалардың дүниеге келуіне мүмкіндік тудырды. Өнер әлемінде тылсымнан

тербеп күй төккен күйшілеріміз каншама. Аты аңызға айналған Кетбұға, Асанқайғы, Қарт Науай сияқты таңдаулы есімдер біздің заманымызға жетті. Одан соң бертін келе Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Дина әншілеріміз Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Мұхит, Кенен сияқты біртума дарындыларымыздың қазақ дәстүрлі ән және аспаптық өнеріне сіңірген еңбектері ұшан-теңіз. Бағзы заманнан бері келе жатқан бұл өнеріміз бүгінгі таңның арайлы күнінде де жалғасын тауып отырғандығы көңіл қуантарлық. Бүгінгі іс - шарамыздың мақсаты да ұлттық дәстүр сабақтастығын кеңінен насихаттауға негізделген. Қорық - музейіміздің қорындағы жәдігерлерді де дәріптей отырып, құрмет тұтуға баулу», - деді "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бас қор сақтаушысы Нұржамал Әшірбаева.

КӨНІЛ АЙТУ

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Халықаралық археологиялық экспедицияларға қатысушы Исаков Ғани Тынысбекұлының мезгілсіз өмірден өтуіне орай

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі әріптестерінің жүрегіне жылы ізін қалдырған ақ көңіл, жайдары мінезді Ғани Тынысбекұлының отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтаса отырып, көңіл айтамыз.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі РМҚК ұжымы



ХАБАРЛАМА

Маусым айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қайырымдылық және демеушілік қорына 6 198494 теңге түсті.

Осы сомадан: банк қызметіне – 19194,98 теңге, археологиялық қазба жұмыстарына – 2 490 578 теңге мәдени іс-шара ұйымдастыруға – 4 333 000 теңге шаруашылық жұмыстарына – 300 000 теңгесі жұмсалды.

Жалпы маусым айындағы шығыстардың сомасы 7 142 772,98 теңгені құрады. Яғни 944 278,98 теңге алдыңғы айлардан қалған сомадан жұмсалған.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі



ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-муражайы

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Дәулет
ҚОЖАМҰРАТОВ

Беттеуші-дизайнер
Бекболат АБЗАЛПҰЛЫ

Редакцияның мекенжайы:

Түркістан қаласы,
Тәуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
e-mail:
azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Өлімқұлов көшесі, 22 үй.

Кезекші редактор
Мұхтар ИСАЕВ

Тапсырыс №2153